



Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 тамыз N 1308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.07. N 1596 қаулысымен.
~P011596

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі
Z947000_

Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем алу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы "25" тамыздағы
N 1308 қаулысымен
бекітілген

Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем алу
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының негізінде әзірленген және Қазақстан

Республикасында кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

кеме иесі - Қазақстан Республикасының кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланатын, кеме иесі болып табылатыны немесе табылмайтынына қарамастан өзге де заңды негізде кеме мені өз атынан пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті.

2. Төлеу тәртібі мен мерзімдері

3. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемді кеме иесі кеме менің тіркелген (тіркеме жасалған) орны бойынша төлейді.

Шетелдік кеме иелері кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемді кеме менің Қазақстан Республикасының аумақтық суларына кірер алдында енгізеді.

4. Кеме иелері үшін алынатын төлемнің мөлшері Қазақстан Республикасының кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланған нақты мерзіміне негізделіп белгіленеді, бірақ айлық ставка мөлшерінен кем болмайды.

Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін айлық мөлшері жылдық ставканы навигация кезеңіне бөлу арқылы анықталады (айлармен).

Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін жылдық төлемнің мөлшері 1 регистрлі тонна үшін 0,26 айлық есеп көрсеткіш есебінен белгіленеді.

Шетелдік кеме иелері үшін кемелердің бір жолғы кіруі кезінде кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем айлық ставка мөлшерінде белгіленеді. Шетелдік кеме иелері Қазақстан Республикасының кеме қатынайтын су жолдарында 1 ай мерзімнен артық уақыт болған кезде кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем ішкі кеме иелері ретінде (нақты пайдаланған мерзімі) есептеледі.

Кеме қатынайтын су жолдарына төлем теңгемен төленеді.

Қазақстан Республикасының кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем мемлекеттік тапсырыс шеңберінде су жолдарын кеме қатынайтын жағдайда қамтамасыз ету жөнінде және шлюздерді ұстау, жол жұмыстары (жер қазу, өңдеу, арна тазалау, тралды, іздестіру), сондай-ақ кеме қатынайтын жағдайда ұстау жөніндегі жұмыстарды орындайтын кеме иелерінен жылдық ставканың 20% мөлшерінде алынады.

5. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем төлеу

ақша аудару жолымен, қолма-қол ақшамен есеп айырысу жолымен белгіленген ставкаға сәйкес жүзеге асырылады және заңнамада белгіленген тәртіппен Республикалық бюджеттің бірыңғай бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына есептеледі.

Тек оларда төлем туралы растау құжаттары бар болған кезде ғана кеме иелеріне кеме қатынайтын су жолдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

6. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін енгізілген төлем заңнамада белгіленген тәртіппен қайтаруға немесе қайта есептеуге жатады.

3. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемнің түсуін және шетелдік кемелердің болуын бақылау

7. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемнің дұрыс есептелуін толық және уақытылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес салық органдары жүзеге асырады.

8. Кеме қатынайтын су жолдарын кеме иелерінің пайдалану мерзімін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.